

# **ЖАДЫНАМА**

## **Covid-19 вакцинациясы бойынша**

**24.05.2021**



- **Вакцинация тұрғылықты жері бойынша** емханада, сондай-ақ Интертич ЖШС және Медикер ЖШС қоса кейбір жеке клиникаларда жүргізіледі. Кейбір жағдайларда вакцинация жүргізу үшін жылжымалы егу пункттері (мысалы, СОС орталықтары базасында егу пункттерін) немесе көшпелі егу бригадалары ұйымдастырылады.
- **Вакцинация екі кезеңде жүргізіледі:** алдымен I компонентімен, содан кейін, вакцинация күнін есептемегенде 45 күннен кейін - II компонентпен. II компонентпен 45 күнге вакцинация жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, 90 күн ішінде вакцинация жүргізуге рұқсат етіледі.
- **Вакцинация ем-шарасынан өткеннен кейін вакцинацияның электрондық паспорты беріледі.** Электрондық паспорты eGov Mobile мобильдік қосымшасында қолжетімді болады.
- Вакцинациядан кейінгі **алғашқы иммундық** жауап бірінші дозаны енгізгеннен кейін 12-14 күнге өндіріледі, бірақ тұрақты иммунитет **32-56 күннен** ерте қалыптаспайды.

- Вакцинация жүргізер алдында дене температурасын өлшеу, сатурацияны, жүрек жиырылуының жиілігін, артериялық қысымды өлшеу, тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесін аускультациялау және **жұтқыншақты тексеру алдында дәрігер** міндетті түрде тексеру мен сауалнама жүргізіледі.
- Вакцина алған кейін барлық вакцинацияланғандар медициналық мекеменің қабырғасында дәрігердің бақылауымен **30 минут** және келесі **3 күн** тіркелген жерлері бойынша учаскелік дәрігерлердің бақылауында болады.
- Әрбір вакциналаушыға вакцинаның ықтимал жанама әсерлері және осындай әсерлер байқалған жағдайда олар жүгіне алатын емханалардың телефон нөмірлері көрсетілген арнайы жадынама беріледі.



# Вакцинаға ықтимал реакция

Вакцинация жүргізілгеннен кейін **бірінші-екінші** тәулікте дамуы мүмкін және келесі **үш күн ішінде** тоқтатылуы тиіс :

- қысқа тұмауға ұқсас синдром (қалтырау, дене қызуының көтерілуі, жалпы дімкәстік, бас ауыруы)
- жергілікті реакциялар (инъекция орнындағы ауырсыну, гиперемия, ісіну),
- тәбеттің төмендеуі, жүрек айнуы сирек кездеседі,
- аллергиялық реакциялардың дамуы мүмкін.

- 18 жасқа толмаған.
- Профилактикалық егулерге тұрақты және уақытша медициналық қарсы көрсетілімдері барлар.
- Құрамында ұқсас компоненттері бар вакцинаның немесе вакцинаның қандай да бір компонентіне аса жоғары сезімталдығы бар.
- Анамнезінде ауыр аллергиялық реакциялары болған (өз өмірінде бір кездері болған).
- Жүкті және бала емізетін әйелдер.
- **II компонентті енгізуге қарсы көрсетілімдер**: вакцинаның I компонентін енгізуге вакцинадан кейінгі ауыр асқынулар (анафилактикалық шок, ауыр аллергиялық реакциялар, құрысу синдромы, температура 40°С).





## Вакцинация кейінірек жүргізілуі керек, егер :

- Сізде дене қызуы жоғары (**37°C және одан жоғары**).
- Сізде өткір жұқпалы немесе жұқпалы емес ауру бар (вакцинация сауыққаннан кейін **2-4 аптадан кейін** жасалады).
- Сізде созылмалы аурудың өршуі бар (вакцинация сауыққаннан немесе ремиссиядан кейін **2-4 аптадан кейін** жасалады).
- Сіз КВИ-мен ауыратын науқаспен байланысқа шықтыңыз (вакцинация **карантин мерзімі аяқталғаннан кейін** жүргізіледі).
- Сіз КВИ-мен ауырдыңыз (вакцинация **сауыққаннан кейін 6 айдан кейін** және вакцинациядан бұрын жағдайды бағалауды ескере отырып жүргізіледі).
- Сіз соңғы **үш күнде** алкогольді ішкенсіз.



- бауыр мен бүйректің созылмалы аурулары;
- қант диабеті;
- аутоиммунды аурулар;
- өкпе, астма және СОӨА аурулары;
- қан түзуші жүйесінің ауыр аурулары;
- эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары;
- жүрек-тамыр жүйесі аурулары;
- аллергиялық реакциялары, атопиясы, экземасы бар пациенттерде;
- қатерлі ісіктер.



**HSE**  
HEALTH SAFETY ENVIRONMENT